

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Бекітемін
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
ректоры

_____ Т.О.Балықбаев

«_____» _____ 2018 ж.

Білім алушыларды тестілеуді ұйымдастыру
мен қабылдау реті туралы
НҰСҚАУ

Көшірме	Код	Басылым	Дайындаған	Келісілген	Келісілген
	Н КазҰПУ 2024-18	үшінші	Исабаева Д.Н.	Кызайбек А.Б.	Бектемесов М.А.
				Жанбаева Л.А.	

Алматы, 2018

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Күні: 12.04.18	Басылым: үшінші
	Білім алушыларды тестілеуді ұйымдастыру мен қабылдау реті туралы нұсқау	II КазҰПУ 2024-18	7 беттің 2

1. ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

1.1. Білім алушыларды тестілеуді ұйымдастыру мен қабылдау реті туралы ереже:

- Қазақстан Республикасының 2007 жыл 27 шілдедегі «Білім туралы»;
- Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысы;
- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (ҚР БЖҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы ҚР БЖҒМ 2014 жылғы 2 маусымдағы №198 бұйрығына сәйкес өзгерістер мен толықтауларымен);
- Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің типтік ежелері (ҚР БЖҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы ҚР БЖҒМ 2010 жылғы 13 сәуірдің №168, 2010 жылғы 1 қарашаның №506, 2013 жылғы 4 қарашаның №445 бұйрықтарына сәйкес өзгерістер мен толықтауларымен);

1.2. Тест тапсырмаларының базасы жабық типтегі тесттер негізінде құрастырылады:

- ұсынылатын жауаптардан бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар (барлық пәндер);
- ұсынылатын жауаптардан бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар (ОЖСБ пәндері).

1.3. Тестілеу интерактивті түрде өткізіледі. Интерактивті тестілеу «UNIVER» Бағдарламалық-аппараттық кешен» бағдарламасының базасында компьютерді қолданумен өткізіледі.

1.4. Бір пән бойынша тест тапсырмаларының базасы 3 күрделілік деңгейді (1 - жеңіл, 2 - орташа, 3 - күрделі) қамтиды. Бір нұсқадағы сұрақ саны – 20, оның ішінде:

- жеңіл – 5;
- орташа – 10;
- күрделі – 5.

1.5. Тест нәтижесі келесі формула бойынша есептеледі:

$$\text{Жинаған \%} = \frac{\text{жинаған балл} \cdot 100\%}{\text{тесттегі балл жиынтығы}}$$

Тестілеу нәтижелері бағалынады (балл және пайыз бойынша):

а) бір жауабы бар құрылған тест тапсырмалары:

- жеңіл тест тапсырмаларына дұрыс жауап бергені үшін – 1 ұпай (2,5%);
- орташа тест тапсырмаларына дұрыс жауап бергені үшін – 2 ұпай (5%);
- күрделі тест тапсырмаларына дұрыс жауап бергені үшін – 3 ұпай (7,5%);

б) бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары (пайыз және балл бойынша):

- барлық дұрыс жауапты тағдаған кезде білім алушы 2 ұпай алады (5%);
- жіберген бір қате үшін 1 ұпай (2,5%);
- 2 және оданда көп жіберген қатесі үшін 0 ұпай (0%) алады.

1.6. Бір емтиханда кешенді интерактивті тестілеу екі пәннен артпауы тиіс.

1.7. Бір тест тапсырмасына 1,5 минута, ал ОЖСБ пәндеріне 2 минут бөлінеді.

2. ТЕСТІЛЕУДІ ЖҮРГІЗУ РЕТІ

2.1. Тестілеу алдын-ала бекітілген кесте бойынша жүргізіледі.

2.2. Тестілеу жүргізілетін аудиторияға кіру, жеке куәлік бойынша рұқсат етіледі. Тестілеуге қатысы жоқ тұлғаларға кіруге рұқсат етілмейді.

2.3. Тестілеу орталығының қызметкері немесе кезекші жеке басын куәландыратын құжат пен келу парағындағы мәлеметті салыстырады. Келу парағына енгізілмеген тұлғаға тестілеуге кіруге рұқсат берілмейді.

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Күні: 12.04.18	Басылым: үшінші
	Білім алушыларды тестілеуді ұйымдастыру мен қабылдау реті туралы нұсқау	II КазҰПУ 2024-18	7 беттің 3

2.4 Білім алушының орны отырғызу парағына сәйкес айқындалады.

2.5 Тестілеу процесі:

- тесттің басталуы мен аяқталуы компьютермен автоматты түрде белгіленеді.

2.6 Осы ереже бойынша анықталған талапты орындамаған білім алушы, тестілеуден босатылады. Тестілеуде білім алушыны тестке қатысудан босатқаннан кейін тестті жүргізу протоколында «Тест жүргізу тәртібін бұзғаны үшін алынды» белгісі қойылады. Бұл жағдайда баға «0» болады.

2.7 Тестілеуге кіргізу/тестілеу барысында Тестілеу орталығының қызметкері мен кезекші бөгде тұлғаны анықтағанда акт толтырады. Бөгде тұлға мен білім алушы тестілеуге кіргізілмейді, нәтижелері жойылады. Тестілеуді өткізу туралы хаттамаға «Тәртіпті бұзғаны үшін шығарылды» деп қорытынды жазылады. Мұндай жағдайда бағасы «0» деп қойылады.

3. ТЕСТІЛЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҰСЫНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

3.1. Тестілеудің нәтижелері:

«UNIVER» Бағдарламалық-аппараттық кешенінің», бағдарламасының көмегімен компьютер экранында шығарылады.

3.2. Тест нәтижелері <https://e.kaznpu.kz> сайтынан көре алады.

3.3. Тест нәтижесімен келіспейтін білім алушы «Апелляция жүргізу бойынша нұсқаға» сәйкес апелляцияға бір тәулік ішінде өтініш беруге құқылы. Апелляция нәтижелері бойынша апелляциялық комиссиясың хаттамасы бекітіледі.

4. ТЕСТІЛЕУДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТӘРТІП САҚТАУ ЕРЕЖЕСІ

4.1. Білім алушылар аудиторияға тестілеу басталмас бұрын **30 минут** ерте келуі және өзімен бірге:

– жеке куәлігі, сынақ кітапшасы немесе студенттік билеті;

4.2. Білім алушыны емтиханға жіберу үшін оның жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуға міндетті. Құжат болмаған жағдайда, білім алушы тестілеуге кіруге рұқсат етілмейді.

4.3. «UNIVER» жүйесіне кіру үшін білім алушы өз логині мен құпия сөзін білуі тиіс.

4.4. Білім алушы аудиторияда отырғызу парағында көрсетілген орынға отырады, және отырғызу парағына қол қою арқылы өзінің орнына отырғанын растайды.

4.5. Аудиториядан шығу тек дәліз кезекшісінің алып жүруімен ғана рұқсат етіледі.

4.6. Білім алушыларға бір-бірімен сойлесуге, ақпаратты қағаз, электронды және өзге де тасымалдағыштарда пайдаланауға болмайды.

4.7. Тестілеу барысында білім алушыларға калкулятор, ақпараттық әдебиеттерді (Менделеев кестесінен басқа), электронды жазба кітапшалар мен қабылдаушы - таратушы электрондық құрылғыларды (ұялы телефондар) пайдалануға рұқсат етілмейді.

4.8. Білім алушыларға тестілеу кезінде Абай атындағы ҚазҰПУ-нің студенттері мен магистранттарының ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІН сақтауы тиіс.

4.9. Білім алушылар 7-10 тармақтарын бұзған жағдайда Тестілеу орталығының қызметкері мен кезекші оқытушы білім алушыны аудиториядан шығару туралы шешім қабылдайды. Тыйым салынған заттарды анықтау және тестіленушіні аудиториядан шығару актісін жасайды, оның нәтижесі жойылады.

4.10. Тестке белгілі бір себептермен келмеген, кешігіп қалған студенттер жеке кесте бойынша қайта тестілеу өткізу туралы шешім қабылдайтын Оқу проректорының атына өтініш жазады. Тестті өткізу күні мен уақытын институт директорларымен келісіп Тестілеу орталығы белгілейді.

4.11. Емтиханда "Қанағаттанарлықсыз" бағасын өзгерту үшін білім алушы келесі академиялық периодта немесе жазғы семестрде барлық оқу сабақтардың түрін қайта оқып, қорытынды бақылауды тапсыруға рұқсат алады.

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Күні: 12.04.18	Басылым: үшінші
	Білім алушыларды тестілеуді ұйымдастыру мен қабылдау реті туралы нұсқау	II КазҰПУ 2024-18	7 беттің 4


4.12. Аралық бақылауда алған бағасын осы кезеңде қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

5. БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУ

5.1 Жүйені іске қосу үшін:

(Mozilla Firefox немесе басқа) браузерді ашу.

Мекенжай жолағында <https://e.kaznpu.kz> ақпараттық жүйесіне сілтеме көрсету (Сурет 1).



Сурет 1.


Осы іс-әрекеттің нәтижесінде авторизация беті ашылады.

5.2 жүйеге кіру үшін авторизациялау керек. Ол үшін «Авторизация» бетінде:

- жүйенің әкімшісі тағайындаған Пайдаланушы аты мен құпия сөзді тиісті өрістерге енгізіңіз.
- жүйеге кіру командасын іске қосыңыз.

Ескерту: Егер сізде әлі логин мен құпия сөзіңіз болмаса немесе сіздің логиніңізді немесе құпия сөзіңізді ұмытып қалсаңыз, авторизация бетінің оң жағындағы ақпаратты оқыңыз.

Сонымен қатар, беттің оң жақ жоғарғы бұрышында тілді таңдау үшін құсбелгі қойылады. Жүйе қазақ және орыс тілдерін қолдайды. Қажетті тілді таңдау үшін тиісті құсбелгіні басыңыз (Сурет 2).




Сурет 2.

Жүйеге кіргеннен кейін, жоғарғы оң жақ бұрышта жүйе аты, пайдаланушының аты, оның логині мен идентификаторы көрсетіледі, ол тіркелукезінде автоматты түрде жасалады. *Шығу* батырмасын пайдалану арқылы жүйе дұрыс өшіріледі.


Сәтті авторизациядан кейін жүйеде сіздің рөліңізге сәйкес келетін басты бетке түсесіз (Сурет 3).

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Күні: 12.04.18	Басылым: үшінші
	Білім алушыларды тестілеуді ұйымдастыру мен қабылдау реті туралы нұсқау	Н КазҰПУ 2024-18	7 беттің 5




Сурет 3

5.3. Ашылған терезеде «Бакалавр» → «Тестирование» (Сурет 4).



Сурет 4.


5.4. Пәнді екі рет шерту арқылы таңдаңыз (сурет 5).



Сурет 5

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Күні: 12.04.18	Басылым: үшінші
	Білім алушыларды тестілеуді ұйымдастыру мен қабылдау реті туралы нұсқау	II КазҰПУ 2024-18	7 беттің 6


5.5. «Тестілеуді бастау» батырмасын басыңыз (сурет 6).



Сурет 6.

Бір пәнге 30 минут уақыт беріледі, ал ОЖСБ пәндеріне – 40 минут. Бір пәнге 20 тапсырма беріледі. Тапсырманы таңдау үшін сәйкес нөмір басылады.

Берілген жауаптардың біреуі ғана дұрыс болады. Мұндай рәсім 20 тапсырманың барлығына жүргізіледі. ОЖСБ пәндері бойынша тестілеу жүргізген жағдайда дұрыс жауап саны бірден үшке дейін болуы мүмкін. Жауапты терезенің сол жағында таңдайды(сурет 7).




Сурет 7.

5.6. Егер берген жауаптарыңызға күмәніңіз болса, қайта қарап өзгертуге болады.

20 тапсырманың барлығына жауап берген соң «Завершить тест»батырмасы басылады. Ашылған терезеде«тестті аяқтауды растау» терезесінде «ОК» батырмасын басыңыз (сурет 8).

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Күні: 12.04.18	Басылым: үшінші
	Білім алушыларды тестілеуді ұйымдастыру мен қабылдау реті туралы нұсқау	II КазҰПУ 2024-18	7 беттің 7



Сурет 8.

Берілген уақыт аяқталғанда бағдарлама тестілеуді автоматты түрде аяқтайды және тестілеу нәтижелерінің протоколы ашылады (сурет 9).

← → ↻ univer.kaznpu.kz/test/4194304/AttemptResult?attemptId=129

Сервисы Интернет Яндекс Почта Mail.Ru Поиск в Интернете

Протокол результатов тестирования

Ф.И.О. студента: Сағатбекова М. Қ.
Дисциплина: Технологии критериального оценивания
Время начала: 12.04.2018 12:34:12
Время завершения: 12.04.2018 12:37:14
Общий балл: 3 / 40

Номер вопроса	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
Ответ студента	С	Е	Е	В	Д	С	Е	С	В	Д	С	В	В	С	С	В	Е	А	Д	Е
Балл	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	3	0	0	0	0	0	0	0

Сурет 9.

7. ТЕСТІЛЕУ БАРЫСЫНДА ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ МЕН КЕЗЕКШІ ОҚЫТУШЫНЫҢ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Тестілеу өткізу кестесі бойынша емтиханды мерзімде өткізу.
2. Тестке кешігіп келген білім алушыларды аудиторияға кіргізбеу.
3. Ережелерді бұзғандарды тест жүріп жатқан аудиториядан шығару.
4. Тест барысында Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессорлық-оқытушы құрамының ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІН ұстану.

8. ДИРЕКТОРЛАР МЕН ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ ТЕСТКЕ ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ ТЕСТТЕН КЕЙІНГІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Білім алушыларды тесттің өткізілу уақыты, күні мен орны туралы ақпараттандыру.
2. Білім алушыларды тестілеу бойынша нұсқаумен таныстыру жұмыстарын жүргізу.
3. Апелляцияны жүргізу бойынша нұсқауға сәйкес апелляция процесін ұйымдастыруу
4. Тест барысында Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессорлық-оқытушы құрамының ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІН ұстану.